

Список литературы:

1. Захарова Е.А. Требования к профессиональному развитию педагогов в условиях последипломного образования // Молодой ученый. – 2011. – №3. Т.2.
2. Федеральный государственный образовательный стандарт высшего профессионального образования (ФГОС ВПО).
3. Бим-Бад Б.М. Педагогический энциклопедический словарь. – М., 2002.
4. Концепция развития непрерывного образования взрослых в Российской Федерации на период до 2025 года. URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_167897 (дата обращения 10.04.2019).
5. Балева В.В. Профессиональное развитие педагога в рамках непрерывного образования // Международный журнал социальных и гуманитарных наук. – 2016. – Т. 2. №1. – С. 58-61.

ХАЛЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Ибрагимов Мансур Алтынбекович,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің
тарих мамандығының 2-курс магистранты,
Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент *Исмаилов С.С.*

Аннотация

Өзектілігі. Бұл мақалада Тәуелсіздігімізді алдымен танып, еңсемізді көтере бастаған уақыттарда бауырмалдық құшағын ашып, алғашқы лекте жекелеген мәдени, ғылыми байланысты дамытуда демеу болған Түркия Республикасы болатын.

Мақсатты: екі мемлекет арасындағы ғылым мен білімді дамытудағы бірлескен екі жақты келісімдерді анықтау.

Түйін сөздер: Білім, дипломатия, ғылым, мәдениет, лицей, әдебиет, өнер.

Аннотация

Актуальность. В данной статье впервые была представлена Турецкая Республика, которая во времена, когда мы впервые осознали свою самостоятельность и начали подниматься, открывала братские объятия и в первую очередь способствовала развитию отдельных культурных, научных связей.

Цель: определение совместных двусторонних соглашений в развитии науки и образования между двумя государствами.

Ключевые слова: образование, дипломатия, наука, культура, лицей, литература, искусство.

Abstract

Relevance: This article was the first to present the Republic of Turkey, which at the time when we first realized our independence and began to rise, opened fraternal arms and primarily contributed to the development of individual cultural and scientific ties.

Objective: to define joint bilateral agreements in the development of science and education between the two states.

Keywords: education, diplomacy, science, culture, lyceum, literature, art.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жарияланғаннан бергі әлемдік қауымдастыққа енуі іс жүзінде аяқталып, халықаралық геосаяси қатынастардағы орны мен рөлі айқындалды. Бүгінде Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі өзінің тарихи дәнекерлік қызметін қайта жалғастырып, халықаралық аренада беделді де дәйекті бейбітшілік саясатын жүргізуде. Оған Қазақстанның халықаралық қауымдастық шеңберінде тең құқықты қарым-қатынастар орнатуымен бірге, баянды бейбітшілік саясатын қалыптастыруы дәлел.

Тәуелсіздігімізді алғаннан бері түбі бір, бауырлас Түркия елімен тек экономикалық салада ғана емес, мәдени, рухани және де білім, ғылым саласында жан-жақты келіссөздер жүргізіліп, атқарылып келеді. Тарихқа көз жүгіртсек 1992 жылы 1 мамырда Алматы қаласында «Қазақстан және Түркия Республикаларының мәдениет, ғылым,

спорт және білім беру салалары жөніндегі келісімге» қол қойылған сәттен бастап қазақ-түрік лицейлерін ашу және өзара студенттермен алмасу үрдісі қарқынды түрде дами түсті. Қазақ-түрік лицейлері орта білім беретін оқу орындары ретінде қалыптасты. Онда тіл үйретуден басқа орта мектеп бағдарламасы бойынша барлық пәндер оқытылды. Бітірушілер Түркия мемлекетіндегі жоғары оқу орындарында, Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуға тең құқылы болды.

Сонымен қатар осы келісімшарт негізінде гуманитарлық саланың құрамдас бөлігіне жататындардың бірі – 1992 жылы 1 мамырда Алматыда Қазақстан Республикасы мемлекеттік теле-радиокомпаниясы мен Түркия мемлекеттік радио және теледидар мекеме арасында халықаралық байланыстар мен өзара ақпарат алмасуды нығайту мақсатында ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қойылған болатын. Мұның негізінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік телерадио компаниясының Түркия Республикасының телерадио жүйесіндегі қосалқы бағдарламаларына қатысу туралы келісімге қол жеткізген еді. Бұл құжат телерадио саласында қазақ-түрік ынтымақтастығының негізін қалады [1.б. 446].

Сондай-ақ Қазақстан мен Түркия Республикаларының білім беру саласындағы өзара ынтымақтастығы 1992 жылы 19 мамырда Анкара қаласында ҚР Білім министрлігі мен Түркия Ұлттық Білім беру министрлігі тарапынан қабылданып, қол қойылған ынтымақтастық жөніндегі хаттамаға негізделген. Осы хаттамада білім беру саласындағы қарым-қатынастардың негізгі шаралары ретінде мына мәселелер белгіленді: екі жақтың білім беру жүйесі мен бағдарламаларын үйреніп, оқыту; мамандар мен студенттер, оқытушылармен, сондай-ақ әдебиет және оқу құралдарымен алмасу; стипендиялар тағайындау; білім саласында халықаралық жарыстар мен байқаулар ұйымдастыру; Қазақстанда түрік тілін үйрету орталығын, қазақ-түрік қоғамы мен университетін ашу көзделді. Міне, ынтымақтастық ниетін білдіретін бұл құжатта осылар секілді екіжақты гуманитарлық ынтымақтастықты жүзеге асыру бойынша іске көзделген нақты шаралар мен жобалар айқын белгіленген болатын. Келісімнің нақты нәтижесі ретінде қазақ жастарын Түркия оқу орындарында оқыту мәселесі қолға алынып, Қазақстанда түрік тілінде оқытатын лицейлер ашу ісі күн тәртібіне қойылды.

Келісімшартта қазақ-түрік байланыстары шеңберінде жоғары оқу орындарында екіжақты мамандар даярлау ісі де қолға алынды. Бұл ауқымды үдеріс екіжақты бағдарлама неізінде іске асырылатын болды. Құжаттың негізінде 1992 жылдан бері Түркияда түркі тілдес мемлекеттер мен автономиялық республикалардан студенттерді Түркияға оқуға шақыру жөніндегі «ірі студенттік жобасы» іске асырылды. Жоба негізінде 1992 жылдан 2002 жылға дейін Түркияда 2450 студент, оның ішінде 180 орта білім алуға және 2270 жоғары оқу орындарында оқыған.

Қазақстан Республикасы заңнамалары және 2003 жылдың 17 наурызында ҚР Білім және ғылым министрлігімен қол қойылған «Қазақстандағы Қазақ-Түрік білім мекемелерінің білім беру қызметі туралы» келісімшарт негізінде КАТЕУ» Халықаралық қоғамдық қоры Қазақстан мен Түркия арасында жасалған білім беру саласындағы екі жақты ынтымақтастықты дамыту мақсатымен 1997 жылы Алматы қаласында құрылды. «КАТЕУ» Халықаралық қоғамдық қоры – еліміздің оқу-ағарту саласында айтулы қызмет атқарып келе жатқан қазақ-түрік оқу орындарының құрылтайшысы. Қордың қарамағында бастауыш мектептер, дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаттары мен халықаралық мектептер, колледждер және Сүлейман Демирел Университеті бар.

Қорға қарасты дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицейлері мен алғаш 1992-1993 оқу жылында екі ел Президенттері Н.Ә. Назарбаев пен Т. Өзалдың қолдауымен ашылса, қазіргі таңда Қазақстандағы лицейлердің саны 28-ге жеткен. Қазақ-түрік лицейлері еліміздің барлық облыстарында орналасқан. Лицейлердің көбісінің жеке емес мемлекеттік оқу орны статусында болуы әлеуметтік жағдайы төмен және

орташа отбасылардан шыққан балаларға халықаралық деңгейде білім алу мүмкіндігін беріп келеді. Лицейлер өз жұмыстарын жергілікті облыс және қала әкімдіктерімен «КАТЕV» Халықаралық қоғамдық қоры арасында жасалатын келісімшарттар негізінде атқаруда. Занды түрде бұл лицейлер жергілікті әкімшіліктерге қарайды, ал лицейлердегі оқу үдерісі ҚР заңнамалары аясында «КАТЕV» Халықаралық қоғамдық қоры жетекшілігінде жүзеге асырылуда.

1994 жылдан бастап білім беру саласындағы екжақты қарым- қатынасты нығайту, тәжірибе алмасу және жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелер арасында ынтымақтастықты орнықтыру және үйлестіру жөніндегі өзара жәрдемдесу, сондай-ақ халықаралық симпозиумдар, конгрестер мен конференциялар ұйымдастыру барысында екжақты байланыстар саласында құқықтық негізді қалыптастыра отырып, заңдық тұрғыда колдау көрсету мақсатында ҚР Білім және Ғылым министрлігі мен Түркия Ұлттық Білім министрлігі арасында жиналыстар өткізіліп тұрды.

Қазақстан мен Түркия арасындағы білім беру саласы бойынша барлық іс-шаралар осы комиссияның шешімі негізінде жүзеге асырылды [2].

1997 жылдың наурыз, қыркүйек айларында екі мемлекет Үкіметтері арасында үш құжатқа қол қойылған болса, оның бірі – білім беру саласына қатысты протокол болды. Ал 2003 жылдың 20-22 мамырында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Түркияға ресми он төртінші ресми сапарында ынтымақтастықтың жаңа бағыттарының дамуымен қатар атқарылған істердің заңды нәтижелері де талқыланды.

Қазақстан тарапынан да түрік жастарына бөлінген гуманитарлық көмектің көлемі ауқымды. Мысалы, 1992 жылдан бастап Қазақстанға келе бастаған түрік жастары осындағы жетекші оқу орындарында дәріс апып, елдеріне оралды. 2001 жылы шамамен 1100-ге жуық түрік студенттері Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білімдерін жетілдіріп, елдеріне оралды.

Білім мен ғылым саласындағы қазақ-түрік қатынасының жарқын көріністерінің бірі – Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті туралы айтар болсақ, тәуелсіздігін баянды еткен жас Қазақстанның келешек ұрпағы мен жастарды заманауи талапқа сай білім беру және патриоттық сезімде тәрбиелеу мақсатында ҚР Президентінің 1991 жылғы 6 маусымдағы №329 қаулысы бойынша ашылды. 1992 жылы 1 мамырда ғылым, мәдениет, спорт және білім беру сапалары бойынша қарым-қатынасты дамыту туралы Түркия мен Қазақстан арасында жасалған келісім, ҚР Білім және Ғылым министрлігі мен Түркия Ұлттық Білім министрлігі арасындағы 1992 жылғы 19 маусымдағы ынтымақтастық хаттамасы және Қазақстан мен Түркия Республикалары Үкіметтері арасында 1992 жылы 31 қазанда қабылданып, қол қойылған «Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің іргесі қаланды.

Университет – түркі тілдес мемлекеттер арасындағы ең алғаш халықаралық мәртебеге ие болған бірден-бір оқу орны. Қазіргі таңда мұнда әлемнің 32 түркі елінен келген жастар білім алуда. Университетте алғашқыда небәрі 332 студент оқуға қабылданған болса, 2002 жылға дейін университетте әлемнің 29 мемлекеті мен автономиялық республикаларынан келген 17 мыңнан астам студент білім алған. 8 елден келген 97 ғылым докторы мен профессорлар, 270 ғылым кандидаты, 1000 астам оқытушылар жұмыс істесе, 18 факультетте 105 мамандық бойынша студенттер тәлім алды. Қазіргі таңда барлығы 30 мыңға жуық студент қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде білім алуда. Білім ордасы Қазақстан мен Түркия Республикалары тарапынан құрылған 10 мүшеден тұратын Үкіметаралық Өкілетті Кеңес арқылы басқарылады.

Ал дарынды жастардың жоғары білім алуына мүмкіндік жасау мақсатында университет бюджетінен 2001-2002 оқу жылында 1 000 студентті тегін оқытуға қаржы бөлінсе, 2002-2003 оқу жылына 1 328 студент тегін білім алған.

Түрік Университеті 1993-2000 жылдар аралығында Қ.А.Яссауи атындағы Халықа-

ралық қазақ-түрік университетінің дамуына 70 млн АҚШ долларын бөлген. Ал 2002 жылы Түрік тарапы университеттің материалдық-техникалық және оқытушы-профессор құрамын дамыту мақсатында 24,4 млн АҚШ долларын құйса, 2000 жылға дейін түрік тарапы жыл сайын мемлекетіміздің білім беру саласында гранттық стипендия, техникалық көмек ретінде 2 млн АҚШ доллар инвестициялаған. Қазақстандық этникалық түріктерге білім беру саласында үнемі жеңілдіктер көрсетілген және оларға Түрік жоғары оқу орындарында оқуға арнайы квота беріліп тұрған. Мәселен, 1992 мен 2001 жылдар аралығында Түркия университеттерінде 2 529 Қазақстан азаматтары білім алған.

Сонымен қатар осы уақытқа дейін 1 500-ден астам ҚР азаматы Түркияның жоғары оқу орындарын аяқтап елге оралса, қазір елдің 27 университетінде 560 қазақстандық студент білімдерін жалғастыруда.

Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылыми байланыстарды дамыту мен жүйелеу мақсатында 1994 жылы 21 маусымда Анкара қаласында Қазақстан Республикасы ғылым және жаңа технологиялар министрлігі мен Түркия ғылыми-техникалық зерттеу орталығы арасында «Ғылыми –техникалық ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылды [1.б. 448]. Келісімде ғылыми-техникалық ынтымақтастық екі мемлекет арасындағы қатынастар және ғылыми ақпарат алмасу мен оны жылдам тарату, халықаралық сипаттағы ғылыми зерттеулерге қол жеткізудің маңызды факторы айқындалды.

2009 жылғы 22 қазанда Қазақстан Республикасының Үкімет мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ғылым және техника саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. «Келісімнің шеңберінде ынтымақтастық келесідей нысандарда жүзеге асырылады: зерттеу нәтижелері мен ғалымдар, ғылыми мамандар және сарапшылар алмасуды қоса алғанда бірлескен ғылыми-зерттеу және техникалық жобаларды орындау; бірлескен ғылыми конференциялар, симпозиумдар, курстар және семинарларын ұйымдастыру және қатысу; ғылыми- техникалық ақпараттар және құжаттармен өзара алмасу; ғылыми-зерттеу жабдықтарын бірлесіп пайдалану; үшінші елдердің ғылыми ұйымдарымен байланыс орнатуға ықпал ету». [3.б. 44-45]

Әдебиеттер тізімі:

1. Казахстан-Турция: 5 лет дружбы и сотрудничества. – Анкара: Билиг, 1996.
2. Аляз А. Біз «түркілік сананы» қайта жаңғыртуымыз қажет. http://www.kazakzaman.kz/kz/newsDetail_getNewsByld.action?newsId=56029
3. Abzhaparova L. Iztaeva V. Purpose and methods of public diplomacy// Ist International conference Eurasian Politics &. -2014. March 20-21.

ПРЕПОДАВАНИЕ ИНДИВИДУАЛЬНЫХ МУЗЫКАЛЬНЫХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН В ДИСТАНЦИОННОМ ФОРМАТЕ ОБУЧЕНИЯ

Изнатенко Татьяна Алексеевна,
преподаватель музыки и специальных дисциплин (фортепиано), концертмейстер,
ГКП на ПХВ «Высший педагогический колледж, город Щучинск»
при управлении образования Акмолинской области, г. Щучинск

Аннотация

Бұл материал білім беруді жаңғырту жағдайында өзекті.

Мақсаты. Жеке музыкалық пәндер (фортепиано) бойынша оқытушының жеке практикалық тәжірибесінің, қашықтықтан оқыту форматындағы концертмейстердің тәжірибесінің сипаттамасы беріледі.

Түйінді сөздер: музыкалық білім, арнайы музыкалық пәндер, қашықтықтан оқыту форматы.

Аннотация

Актуальность. Данный материал актуален в условиях модернизации образования.

Цель. Представляет описание личного практического опыта работы преподавателя индивидуальных музыкальных специальных дисциплин (фортепиано), концертмейстера в дистанционном формате обучения.